

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 21 ақпандағы № 35 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 ақпанда № 6849 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 қыркүйектегі № 145 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 24.09.2021 № 145 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Жұмыскерлердің мынадай тізімдік саны бар ұйымдарға ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегендегі, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота:

- 1) елуден жұз адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;
- 2) жұз бірден екі жұз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;
- 3) екі жұз елу бірден артық адам - жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жангелдин ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жангелдин ауданы әкімінің

міндеттін атқарушы

Ш. Оспанов